

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

сильных сторон можно учитывать пассажирские перевозки наряду с грузоперевозками, которые год за годом растут в объеме.

Для урегулирования этой проблемы нужно учитывать ряд решений, таких как:

- постройки дорог I категории и внедрение покрытия микросюрфейсинга для меньшего износа дорог;
- замена старых автобусов на новые модели;
- внедрение стандартов в обслуживании населения;
- внедрение online покупки билетов на межгородские и международные перевозки (автобус, грузы);
- набор сотрудников по квалификационным требованиям;
- улучшение и разработка платежных систем альтернативой «Онлай»;
- постройка логистических центров на границах с соседними странами.

Сама экономика, будь она на макро или микроуровне, - одна большая логистика, и в ней заключается механизм рыночной экономики.

Литература:

1. Гаджинский, А.М. Логистика [Электронный ресурс]: учебник для студентов вузов . - Москва: Дашков и К, 2012 г.
2. Раимбеков, Ж.С. Экономика логистических систем предприятия: учебное пособие. - Алматы: Эверо, 2014 г.
3. Раимбеков, Ж.С. Логистика региональной системы - Алматы: Эверо, 2014 г.
4. www.whitehawk.kz.
5. [www/vlast.kz](http://www.vlast.kz).

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫ ТЕЖЕУШІ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӨМЕНДЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Егізбаева Ж., Қанағатова Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: egizbaeva_zht@enu.kz

Соңғы жылдары әлемдік қоғамдастықтың бірқатар елдерінде жүзеге асырылып жатқан зейнетақы жүйелерін реформалау әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық пен халықтың жаһандық қартаю процесінің жылдамдауынан туындап отыр.

Экономикалық ынтымақтастықты дамыту ұйымдары елдерінің көпшілігінде жүргізіліп жатқан зейнетақы реформалары мыналарды:

1) ең төменгі кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, таратушы және жинақтаушы схемаларын үйлестіретін көпдеңгейлі зейнетақы жүйелерін енгізуді/сақтауды;

2) еңбек қатынастарын заңдастыруға және көлеңкелі жұмыспен қамтуды қысқартуға бағытталған зейнетақы бағдарламаларын қаржыландыруды сақтандыру тетіктерін күшейтуді;

3) зейнеткерлік жасты 65-67 жасқа дейін көтеруді және зейнетақы бағдарламаларын қаржыландыру ауыртпалығын азайту, белсенді еңбек ету мерзімін ұзарту әрі халықтың қартаюы жағдайында еңбек ресурстарының санын тұрақтандыру мақсатында зейнетке мерзімінен бұрын шығу шарттарын қатаңдатуды;

4) еңбек еткен бүкіл өмірінде зейнетақы резервтерін қалыптастыруға қатысуынан зейнетақы мөлшерінің тәуелділігін күшейтуді (Италия, Швеция, Польша, Ресей Федерациясы);

5) зейнетақы қорларының қаржылық қызметін бақылауды және қадағалауды күшейтуді (мысалы, Германияда қаржы тәуекелдерін тәуелсіз қадағалауды және басқаруды

күшейту туралы заң қабылданды. Норвегияда жекеше зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын айқындау жүйесі қатаңдатылды) көздейді.

Тұтастай алғанда, әлемдік тәжірибені талдау жұмыс істеудің таратушы, сол сияқты жинақтаушы қағидаттарын үйлестіретін көпдеңгейлі модельдер зейнетақымен қамсыздандырудың неғұрлым тиімді әрі қаржылық орнықты жүйелері болып табылатынын көрсетеді. Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы аясында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын (БЖЗҚ) құру және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру қарастырылған.

Қазақстан Республикасындағы зейнетақы реформасын халықаралық эксперттер Дүниежүзілік банкпен қаржыландырылған Қазақстандық 13 жобаның ең жақсысы деп бағалады [1, 18 б.].

Қазіргі таңда Чили үлгісіне негізделген Қазақстандағы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі тәжірибесінің латынамерикандық және еуропалық жүйеге қарағанда маңызды ерекшеліктері бар және көптеген елдер мамандарының қызығушылығын тудырады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу басынан бастап ақ тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенімін арттыруға және салымшылардың мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына тиімді өтуіне қабілетті аралық институтты құруға бағытталған.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің көпдеңгейлі моделі Қазақстанның барлық тұрғындарына есептелген және үш деңгейден тұрады.

Бірінші деңгей - республиканың барлық азаматтары үшін мемлекеттік базалық зейнетақы. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету» туралы заңға сәйкес жинақтаушы жүйемен қатар ынтымақтастық зейнетақы жүйесі сақталды. Бұл жағдайда ескі зейнетақы жүйесі кезінде қызмет еткен зейнеткерлер алдындағы мемлекеттің барлық міндеттері сақталды.

Екінші деңгей - ынтымақтастық жүйеден (республикалық бюджеттен) төленетін зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорлары.

Үшінші деңгей - ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы аударымдары есебінен төленетін қосымша төлемдер.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі тұрғындарды зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі өзінің табысының деңгейіне дербес жауапкершілікте болуға міндеттейді, яғни зейнетақы төлемдерінің көзі болып олардың жеке зейнетақы шоттарындағы жинаған қаражаттары табылады. Бұдан басқа, әрбір азаматқа ерікті зейнетақы жарналары есебінен өзінің жинақтарын көбейтуге, сонымен қатар қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін өзін жоғары табыспен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Еліміздегі зейнетақы жүйесін реформалаудың 14 жылы ішінде толыққанды көп деңгейлі зейнетақы жүйесін құруға арналған тұжырымды және нормативтік-құқықтық база қалыптастырылды, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің инфрақұрылымы жасалып, дамытылуда, зейнетақы жүйесін басқарудың белгілі бір тәжірибесі жинақталды. Бұл қолданыстағы жүйеге қажетті талдау жүргізуге және тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік берді.

Дамудың оң үрдістеріне қарамастан, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінде шешімі табылмаған оның қаржылық тұрақтылығы, сенімділігі, шынайылығына (зейнетақы төлемдерінің сәйкестігі) және әлеуметтік тиімділігіне қатысты бірқатар жүйелі проблемалар бар. Қазіргі таңда Экономикалық даму және сауда министрлігімен, Ұлттық банкпен бірлесіп қолданыстағы зейнетақы жүйесінің жай-күйіне кешенді талдау жүргізу, сондай-ақ оны одан әрі жетілдіруге жағдай жасау үшін әдістемелерді айқындау жұмыстары басталды. Сондай-ақ Қазақстанның Үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасындағы бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы шеңберінде зейнетақы жүйесінің барлық деңгейлерінде актуарлық есептер жүргізу және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жетілдіру және одан әрі дамыту жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін Дүниежүзілік банк сарапшылары тартылған.

Зейнетақы реформасының басты мақсатына, яғни салымшылардың кәрілік шағында лайықты зейнетақыға қол жеткізуі үшін Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі бүгінде қоғам мен үкіметтің салмақты қодауына мұқтаж. Ішкі қаржылық құралдардың

табыстылығының төмендеуі жалғасуда. Республиканың зейнетақы активтерінің өсуімен байланысты оларды инвестициялау үшін қаржылық құралдардың тапшылығы өте қатты байқалады. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халыққа Жолдауында әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстан дамуының басты бағыты деп атап өткен болатын. Экономикалық жетістіктер мен қоғамдық игіліктер арасындағы тиімді балансқа қол жеткізу үшін елбасының айтуы бойынша үкіметке он бағыт бойынша тапсырмалар кешенін дайындау қажет.

Зейнетақы жүйесіне жасалынған акцент өте маңызды. Шындығында Қазақстанның зейнетақы жүйесі өзіне жүктелген сенімді ақтаған жоқ. Елдің көптеген қызмет етуші тұрғындары өздерінің еңбекақысынан міндетті зейнетақы жарналарын (10%) аударады, бірақта соңғы жылдары олардың зейнетақы жинақтары инфляцияның күрмеуіне тез түседі.

Бүгінде 17 миллиард доллардан астам зейнетақы қаражаттары бар біздің ЖЗҚ-мыз ұлттық экономиканың дамуына ешқандай үлес қосып отырған жоқ. Тәжірибелі экономистер мемлекеттің күшті бақылауында бола отырып ЖЗҚ-ның өндірісті инвестициялауға қатысу қажеттілігін шешу туралы бұрыннан айтуда. Астанада өткен үшінші экономикалық форумда зейнетақы қорларының өкілдерінің өздері ақ зейнетақы қаражаттарын елдің ірі кәсіпорындарына инвестициялау туралы атап өткен болатын. Зейнетақы компанияларының өкілдері бұл ақшаның елдің ішінде қызмет етуіне басты назарды аударды. Тіпті, зейнетақы жинақтарын елдің ішіндегі инвестиция ретінде пайдалану инициативасы президентпен таңдалған ішкі инвестициялауға байланысты экономикалық модель шеңберінде де өзекті болып табылады [2, 19 б.].

Бірнеше жыл қатарынан барлық жинақтаушы зейнетақы қорларында емделуге жатпайтын бір ғана ауру бар – ол төменгі инвестициялық табыстылық. Президент Жолдауында айтылып өткендей, бүгінгі күні салымшыларда зейнетақы қорларының инвестициялық саясатына ықпал ету мүмкіндігі жоқ. Ал, кейбір қорлардың басшылары оларға өздерінің жеке меншік қаражаттары сияқты иелік етеді және акционерлердің мүддесі үшін қызмет етеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуының перспективалары және оның бағалы қағаздар нарығына әсері зейнетақы активтерінің және инвестицияланатын қаражаттар көлемінің сәйкесті өсуімен байланысты. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі дамуын тежеуші факторлар – олар:

1) ұлттық қор нарығының дамымауы, яғни, активтерді инвестициялау үшін құралдар тапшылығы;

2) қызметтің негізгі қағидалары бойынша тұрғындардың сауатсыздығы және мағлұматсыздығы;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен тұрғындардың толық қамтылмауы;

4) ерікті және кәсіби зейнетақы жарналарының кеңінен қолданылмауы;

5) қоржынның нашар диверсификациясы және аффилирленген тұлғалармен мәмілелер;

б) отандық сақтандырудың дамымаған кластарының бірі - зейнетақылық аннуитеттер.

Қаржылық құралдар тапшылығынан шығудың бір жолы болып тікелей мемлекет кепіліндегі мемлекеттік инвестициялық қағаздарды шығару немесе ұлттық компаниялардың бағалы қағаздарын шығару табылады. Инфрақұрылымдық облигацияларды сатып алуда зейнетақы активтері үшін негізгі тәуекел болып мемлекет тарапынан кепілдің жасалынған механизмінің болмауы табылады, бұл өз кезегінде жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін аталған бағалы қағаздардың тартымдылығын төмендетеді.

Қаншалықты зейнетақы қорлары ұзақмерзімді инвесторлар болып табылғандықтан, ал банктер қысқа және орта мерзімді болғандықтан, нарықтың осы қатысушыларының мүддесін ескеру қажет. Міне, сондықтанда зейнетақы қорлары үшін, олардың нақты сұранысы мен ерекшеліктерін есепке ала отырып ұзақмерзімді бағалы қағаздарды шығару қажет.

Тұрғындардың сауаттылығын арттыру үшін, сондай ақ заңгерлер мен салық төлеушілер, міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары болашақ зейнетақымен қамтамасыз ету үшін зейнетақы активтерінің жеткілікті ме, жоқ па екендігін білуі үшін

зейнетақымен қамтамасыз ету туралы ақпаратты кеңінен жариялау қажет. Сондықтанда зейнетақы заңдылығы туралы жалпы ақпаратпен қатар, зейнетақы жинақтары мен оларды басқару туралы жедел ақпараттар көрсетілетін қаржылық интернет-порталды құру қажеттілігі туындайды.

Ұсынылған шаралар жинақтаушы зейнетақы қорларының дамуының барлық мәселелерін шеше алмағанымен, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына өз септігін тигізеді.

Қорыта келе, Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамытудың келешек перспективалары ұлттық экономиканың шикізат моделінен индустриялық-инновациялық моделіне өтуімен тығыз байланысты, оның басты құрамдас бөлігі қоғам мен мемлекеттің заманауи зейнетақы жүйесінің жалпы рентабельдігіне тікелей әсер ететін тыныс-тіршілігінің барлық салаларын жаңарту болып табылады, ал мемлекеттік шығыстарды жоспарлаудың негізгі басымдығы халықтың тұрақты өсуі, өмір сүру деңгейінің артуы және олардың әл-ауқатын нығайту болған және бола береді [3, 2 б.].

Әдебиеттер:

1. Проблемы инвестирования пенсионных накоплений.-Рынок ценных бумаг Казахстана, №8. – 2008. С.18-24.
2. Әбдіқалықова Г.Зейнетақы жүйесін жетілдіру.-«Егемен Қазақстан»,03.02.2012 ж.
3. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Жеті-жарғы, 2014. – 44 б.

ҚАЗАҚСТАНДА АГРОӨНЕРКӘСІПТІ КЛАСТЕРЛЕР МОДЕЛІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Жусупов Р.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Rysbek_15031986@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында былай деген болатын: «Біз түпкі өнімдерін экспортқа шығаруға бағдарланған өндірістерді, мұнай-газ, көлік саласына және машина жасау мен металлургиядағы, химия мен агроөнеркәсіп кешеніндегі басқа да ішкі салаларда бірлескен кәсіпорындар құруға және дамытуға арқа сүйеуіміз керек. Алдымызда халықаралық ұйымдырдың белсене қатысуымен биотехнологиялық орталықтар; өңірлік IT-орталық ретінде ақпараттық технологиялар паркін дамыту міндеті тұр [1].

Белгілі американдық ғалым Майкл Портер өзінің «Халықаралық бәсекелестік» атты кітабында «кластер» (яғни пакет, шоғыр, бөлшек) деген түсінік енгізді. Экономикада ойдағыдай бәсекелесуші фирмалар тобы салалық, ұлттық, әлемдік рыноктарда бәсекелестік жағдайын дамыта отырып пайда болады. Осылайша бәсекелестіктің артықшылық көрінісі ретінде кластер дүниеге келеді, қалыптасады, кеңейеді, тереңдейді.

М.Портер ұлттық деңгейде бәсекелестік түрлерін қоғамдық экономикалық дамып жетілуіне қарап анықтайды. Егер бәсекелестік жағдайын табиғи ресурстар, тек құндық факторлар және сол сияқтылар айқындалса, онда іс басқа, ал инвестициялық мүдделер шешуші жағдайға айналса – ол бір басқа, ал енді қозғаушы күш ретінде жаңалыққа, жаңалық енгізуге деген ынталылық болса, онда іс тіпті бір басқа. Кластерлер бәсекелік қабілеттілікті арттырудың құралы екенін ескере отырып, біздер өз еліміздегі бәсеке жағдайларын анықтаудың әдістемелік амалы ретінде пайдалану керек екенін ұмытпауға, осы тұрғыдан келіп, қайда және қандай кластерлер құруымыз, қалыптастыруымыз керек екенін анықтауға тиіспіз [2].